КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 9 маусым №2301-25-00-2/1011 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Н.С.Жаугаштиевтің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «KRaiBer» Райгуль Бериккалиевна Кубжанова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 10 440 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Н.С.Муратов
Жауапкер өкілі Р.Б.Кубжанова
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 7 ақпанда мемлекеттік сатып алу туралы №80 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Агран, фипрат кемиргіштермен күресуге арналған дезинфекциялық сұйықтықтар» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы – 580 000 теңге. Шарттың орындау мерзімі – келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде, 2025 жылғы 19 наурызға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, таур мүлдем жеткізілмегенін, жауапкермен міндеттеме толық көлемде орындалмағанын, 2025 жылғы 7

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сәуірде тараптардың арасындағы шарт бұзылғандығын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 18 кешіктірілген күндер үшін 10 440 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер өкілі талапты мойындап, тауарды жеткізе алмағандығын айтты.

Прокурор талап толық көлемде қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 7 ақпанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №80 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 40 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, тауар жеткізілмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Шарт орындалмауына байланысты бір жақты бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 12.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2025, судья Султангалиева А. Е., 18.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 10 440 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден он сегіз кешіктірілген күн үшін (2025 жылғы 20 наурыздан-7 сәуірге дейін) 10 440 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 313 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «KRaiBer» Райгуль Бериккалиевна Кубжанованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 10 440 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «KRaiBer» Райгуль Бериккалиевна Кубжанова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «KRaiBer» Райгуль Бериккалиевна Кубжановадан ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 10 440 (он мың төрт жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы, 313 (үш жүз он үш) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «KRaiBer» Райгуль Бериккалиевна Кубжановадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 12.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2025, судья Султангалиева А. Е., 18.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 12.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 14.07.2025, судья Султангалиева А. Е., 18.07.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»